

«Астана медицина университеті» КеАҚ

ӘОЖ 616.12-008.331.1:613.86:616.98(574)
КБЖ А 61 Р 9/12, А 61 К 31/22

Нағашыбек Гүлжайна Сұлтанбекқызы

**ҚАЗАҚСТАНДА КОРОНАВИРУС ИНФЕЦИЯСЫНЫҢ ТАРАЛУ
КЕЗЕҢІНДЕ АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯСЫ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ**

7М10101 - «Мейіргер ісі»

Медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін
жазылған (ғылыми-педагогикалық бағыт) диссертация

Ғылыми жетекші: _____

м.ғ.к., доцент Жунусова Д.К.

Рецензент: _____

м.ғ.к., профессор Омаркулов Б.К.

Астана 2023ж.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕР ТІЗІМІ	7
КІРІСПЕ.....	9
1 ТАРАУ. COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕ АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯСЫ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ (Әдебиеттік шолу).....	12
1.1 COVID-19 пандемиясы және Қазақстан	12
1.2 COVID-19 инфекциясы және артериялық гипертензия байланысы.....	15
1.3 Пандемия кезіндегі артериялық гипертензиясы бар науқастардың психикалық жағдайы.....	24
1.4 Пандемия кезіндегі артериялық гипертензиясы бар науқастардың ұйқы сапасы	27
1.5 Пандемия кезіндегі мейіргерлердің рөлі.....	31
2 ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	34
2.1 Зерттеу әдістемесі	34
2.1.1 Зерттеу жоспары.....	34
2.1.2 Коронавирустық инфекция мен артериялық гипертензия туралы зерттеулерді іздеу.....	35
2.1.3 Артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейін анықтау	37
2.1.4 Артериялық гипертензиясы бар науқастардың ұйқы сапасын анықтау..	38
2.1.5 Мейіргерлерге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	39
2.2 Зерттеу материалдары.....	40
2.3 Зерттеудің этикалық талаптарға сәйкестігі.....	40
2.4 Деректерді статистикалық өңдеу.....	40
3 ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	42
3.1 Зерттеуге науқастардың клиникалық сипаттамасы және субъективті деректері	42

3.3 Коронавирус инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейін анықтау	48
4. МСАК-та артериялық гипертензиясы бар науқастармен жұмыс жасайтын мейіргерлер үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.....	56
ҚОРЫТЫНДЫ	58
ШЕШІМІ.....	60
ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР	61
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИТЕТТЕР ТІЗІМІ	62
А ҚОСЫМШАСЫ.....	69
В ҚОСЫМШАСЫ.....	70
С ҚОСЫМШАСЫ.....	71
Д ҚОСЫМШАСЫ.....	72
Е ҚОСЫМШАСЫ	77

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтер сапасы бойынша біріккен комиссияның 2022 жылғы «25» шілдедегі № 166 хаттамасымен мақұлданған «Коронавирусная инфекция COVID-19 у взрослых».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызмет көрсету сапасы жөніндегі бірлескен комиссиясының 2019 жылғы 3 қазандағы бекітілген № 74 Артериялық гипертензия хаттамасы

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер пайдаланылады:

Артериялық гипертензия – қалыпты қан қысымының СҚҚ ≥ 140 мм рт. ст., және/немесе ДҚҚ ≥ 90 мм.рт.ст. жоғарылауы.

COVID-19 коронавирустық инфекциясы (бұдан әрі – COVID-19) – коронавирустар тұқымдасынан шыққан вирустың жаңа түрінен туындаған инфекциялық ауру.

Динамикалық бақылау – халықтың денсаулық жағдайын жүйелі түрде бақылау, сондай-ақ осы бақылау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету.

Өмір сапасы – бұл жеке адамдардың өмірдегі ұстанымын олар өмір сүретін мәдениет пен құндылықтар жүйесі контекстінде, мақсаттарға, күтуге, нормаларға және алаңдаушылықтарға сәйкес қабылдауы.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін қолжетімді медициналық қызметтер көрсету кешенін қамтитын, тәулік бойы медициналық байқау болмайтын, дәрігерге дейінгі немесе білікті медициналық көмек.

Мейіргер – медициналық мекемелерден мейіргерлік көмек көрсететін мейіргер ісі саласында орта немесе жоғары медициналық білімі бар маман.

Әдістемелік ұсынымдар – тәжірибеде сипатталған әдістемені суреттейтін нақты іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқауларды қамтитын әдістемелік өнім түрі.

Мейіргерлік күтім – денсаулықты насихаттауды, аурулардың профилактикасын және науқастардың, мүгедектер мен хал үстіндегі адамдардың күтімін қамтитын, барлық жастағы, топтар мен қоғамдастықтардың адамдарына, науқастарға немесе сау адамдарға мейіргерлер және кеңейтілген практиканың мейіргерлері көрсететін медициналық қызметтер кешені.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

МСАК – Медициналық-санитариялық алғашқы көмек

ДДСҰ – дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

СЖЕА – созылмалы жұқпалы емес аурулар

ЖМ – жеке мазасыздық

РМ – реактивті мазасыздық

СҚҚ – систолалық қан қысымы

ДҚҚ – диастолалық қан қысымы

РҒДИ – Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі

КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

1 кесте	Артериялық гипертензия түрлері	18
1 кесте	Зерттеу жоспары	35
3 кесте	ДДСҰ жас классификациясына сәйкес қатысушылардың бөлінуі	42
4 кесте	Коронавирус инфекциясының болуы жынысы, жасы, ауырлық дәрежесіне әсерін анықтау	43
5 кесте	Респонденттердің жынысқа байланысты «COVID-19-дың болуын» талдау	44
6 кесте	Респонденттердің жасына байланысты «COVID-19-дың болуын» талдау	44
7 кесте	Респонденттердің ауырлық дәрежесіне байланысты «COVID-19-дың болуын» талдау	45
8 кесте	COVID-19 болуына байланысты РМ көрсеткішін талдау.	51
9 кесте	COVID-19 болуына байланысты «Жеке мазасыздық» көрсеткішінің талдауы	53
10 кесте	COVID-19 болуына байланысты «Ұйқы сапасы» көрсеткішінің талдауы	55
1 сурет	Коронавирус инфекциясын жұқтырған ПЦР тест жауабы оң нәтижелері	14
2 сурет	Қазақстанда 2017-2020 жылдар аралығында 100000 адамға шаққандағы қан қысымының жоғарылауымен сипатталатын аурулар	17
3 сурет	Қазақстанда 2 компонентпен екпе алған адамдар саны	23
4 сурет	Жарияланымдарды таңдау	36
5 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастардың жас ерекшеліктері	42
6 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырмаған науқастардың жас ерекшеліктері	43
7 сурет	Ауырлық дәрежесі бойынша респонденттердің пайыздық көрсеткіштері	45
8 сурет	Реактивті мазасыздық деңгейі нәтижелері	46
9 сурет	Жеке мазасыздық деңгейі нәтижелері	47
10 сурет.	Ұйқы сапасының нәтижелері.	48
11 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырған респонденттердің РМ нәтижелері.	49
12 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырмаған респонденттердің РМ нәтижелері.	49
13 сурет	Екі топтың РМ нәтижелері	50

14 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастардың ЖМ деңгейі	51
15 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырмаған науқастардың ЖМ деңгейі	52
16 сурет	Екі топ арасындағы ЖМ нәтижелері	52
17 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырған ұйқы сапасы нәтижелері	53
18 сурет	COVID-19 инфекциясын жұқтырған ұйқы сапасы нәтижелері	54
19 сурет	Екі топ арасындағы ұйқы сапасы нәтижелері	55

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. SARS-CoV-2 коронавирусының таралуымен ДДҰ 2020 жылдың 11 наурызында пандемия жариялады. Вирус алғаш рет Уханьда (Қытай) 2019 жылы тіркелді. 2023 жылдың 15 қаңтарындағы жағдай бойынша әлемде 662 миллионнан астам COVID-19 инфекциясын жұқтырған адамдар саны тіркеліп және 6,7 миллионнан астам адам коронавирустық инфекциядан қайтыс болды [1].

Қазіргі уақытта қосымша созылмалы аурулары бар науқастарда соның ішінде жүрек-қан тамырлары аурулары, атап айтқанда, артериялық гипертензияда COVID-19 инфекциясының ағымы, даму ерекшеліктері қарқынды зерттелуде. Бұл науқастардың инфекция жұқтыруға бейім, сезімтал екендігі және қолайсыз нәтижелердің даму қаупі едәуір жоғары екендігі туралы деректер бар [2]. Пандемияның алғашқы кезеңінде, гипертония қаупіне ерекше назар аударылды және қауіп факторлары бар адамдар COVID-19 жұқтырудан қорыққандықтан жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен ауруханаларға жүгінбейді деген деректер кездеседі [3].

Артериялық гипертензия – коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарда ең көп таралған жүрек-қан тамыр аурулары ретінде, сонымен қатар бұл аурудың ауруханаға жатқызуды және өлім қаупін арттыратындығы анықталды [4]. Жүйелі шолуда артериялық гипертензияның болуы COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастарда инфекцияның ауыр өтетінін және өлім сияқты жағымсыз салдарлардың ықтималдығын арттыратындығын көрсетті [5].

Зерттеулерге сүйенсек, COVID-19 пандемиясына жалпы реакциялар ол мазасыздықтың жоғарылауы [6] және стресс болып табылады [7], ал мазасыздық пен стресстің үйлесуі ұйқының сапасына теріс әсерін тигізеді [8]. COVID-19 инфекциясы кезінде өздерін жоғары қауіпті топ ретінде танығандар мазасыздық, депрессия және стресс белгілерінің жоғары деңгейін көрсетті [9].

Осыған байланысты алдағы зерттеуіміз Қазақстандағы COVID-19 пандемиясы кезеңінде артериялық гипертензиясы бар науқастардың өмір сүру сапасын зерттеуге бағытталатын болады. Атап айтқанда коронавирус инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейі мен ұйқы сапасына салыстырмалы талдау жүргізілетін болады.

Зерттеудің мақсаты:

COVID-19 пандемиясы кезінде артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейі мен ұйқы сапасын бағалау.

Зерттеу нысаны:

МСАК ұйымдарында динамикалық бақылауда тұрған артериялық гипертензиясы бар науқастар.

Зерттеу пәні:

Артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейі және ұйқы сапасы.

Зерттеу міндеттері:

1. Артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейі мен ұйқы сапасына бағалау жүргізу;

2. COVID-19 инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастардың ұйқы сапасы мен мазасыздық деңгейіне бағалау жүргізу;

3. МСАК-та артериялық гипертензиясы бар науқастармен жұмыс жасайтын мейіргерлер үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің әдістері:

- ақпараттық-аналитикалық (Pico, PRISMA көмегімен ғылыми әдебиеттерді, әдістемелік материалдарды талдау);
- социологиялық (Ч. Д. Спилбергердің реактивті және жеке мазасыздық деңгейін бағалау шкаласы (State-Trait Anxiety Inventory (STAI)); Ұйқы сапасының индексін анықтауға арналған Питтсбург сауалнамасын (Pittsburgh Sleep Quality Index (PSQI)) қолдана отырып науқастармен сауалнама жүргізу);
- статистикалық (деректерді талдау және алынған нәтижелерді өңдеу).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Қазақстанда алғаш рет COVID-19 пандемиясы кезінде артериялық гипертензиясы бар науқастарда мазасыздық деңгейі мен ұйқы сапасына талдау жүргізілді.

2. COVID-19 инфекциясын жұқтырған артериялық гипертензиясы бар науқастарға ем жүргізу үшін мейіргерлерге арналған әдістемелік нұсқаулық жарық көрді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1. Коронавирус инфекциясының артериялық гипертензиясы бар науқастарға мазасыздық деңгейі мен ұйқы сапасына әсеріне бағалау жүргізілді.

2. «Covid-19 инфекциясын жұқтырған, артериялық гипертензиясы бар науқастарды емдеу бойынша мейіргерлерге арналған ұсынымдар» атты әдістемелік ұсынымдар дәлелді медицина деректер негізінде жазылған, шет елдерде кеңінен қолданылатын мейіргерлерлік әрекеттер алгоритмдерін қамтиды, сонымен қатар артериялық гипертензиясы бар науқастарға мейіргерлік күтім ерекшеліктері мен өмір сүру сапасы мен өмір салтын жақсартуға көмектесетін өзін өзі күтуді үйрету шаралары, мазасыздық деңгейі мен ұйқы сапасына аса көңіл бөлініп, оларды анықтау мен күресу жолдарын қамтиды. Ғылыми зерттеу нәтижелері мен артериялық гипертензиясы бар науқастарды жүргізу жөніндегі әзірленген әдістемелік ұсынымдар МСАК-та жұмыс атқаратын мейіргерлер қызметінде сондай-ақ «Мейіргер ісі» мамандығының бакалавриат студенттері мен магистранттары үшін қосымша оқу әдебиеті ретінде пайдалана алады.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Артериялық гипертензиясы бар науқастардың басым бөлігінде ұйқы сапасының нашар екендігі, ал жеке мазасыздық деңгейі жоғары екендігі анықталды.

2. Коронавирус инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған науқастарды салыстыру барысында инфекцияны жұқтырған науқастар тобында ұйқы сапасы нашар және жеке мазасыздықтың жоғары деңгейі басым болды. Екі топта да төмен жеке мазасыздық деңгейі анықталмады.

3. КеАҚ «Астана медицина университетінің» академиялық кеңес мәжілісінің 05 мамыр 2023 жылғы № 4 хаттамасының шешімі бойынша бекітілген «Covid-19 инфекциясын жұқтырған, артериялық гипертензиясы бар науқастарды емдеу бойынша мейіргерлерге арналған ұсынымдар» атты мемлекеттік тілде ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар күтім шараларын жоспарлау және бақылау арқылы науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында құрастырылған артериялық гипертензиямен ауыратын науқастарға көрсетілетін медициналық көмектің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы

Диссертация талаптарға сәйкес кіріспеден, 4 тараудан, қорытындыдан, шешімнен, практикалық ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі компьютерлік мәтіннің 81 бетін құрайды. Қолданылған әдебиеттер тізімі қазақ, орыс және шет тілдерінде жазылған 74 дереккөзден тұрады. 19 суретпен және 10 кестемен суреттелген.

Жұмыстың апробациясы

Ғылыми жұмыс нәтижелері «Астана медицина университеті» КеАҚ дәлелді медицина курсы бар жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасының кеңейтілген отырысында ұсынылды және 29 мамыр 2023 жылғы № 3 хаттамасының шешімі бойынша қорғауға бекітілді.

Жарияланымдар:

Диссертациялық жұмыстың тақырыбына байланысы 1 мақала және 3 тезис жазылды. Мақала РФДИ базасында индекстелген ғылыми журналда, 2 тезис халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында және 1 тезис халықаралық форумының тезистер жинағында жарияланды. 12 желтоқсанда 2022 жылы «Қазақстанда коронавирус инфекциясының таралу кезеңінде артериялық гипертензиясы бар науқастардың денсаулық жағдайын бағалау» ғылыми туындысына №31007 авторлық куәлігі және (Қосымша А) 2023 жылы 25 мамыр «Covid-19 инфекциясын жұқтырған, артериялық гипертензиясы бар науқастарды емдеу бойынша мейіргерлерге арналған ұсынымдар» атты әдістемелік ұсынымдарға №36215 авторлық куәлігі (Қосымша В) алынды.

1 ТАРАУ. COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕ АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯСЫ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ (Әдебиеттік шолу)

1.1 COVID-19 пандемиясы және Қазақстан

2020 жылдың 30 қаңтарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) 2019 коронавирус ауруын (COVID-19) пандемия және денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай деп жариялады [10]. Қазіргі таңда дүниежүзінде коронавирус инфекциясына байланысты 2023 жылдың 9-15 қаңтары аралығындағы аптада 2,8 миллионға жуық ауру жұқтыраған науқас және 13 000 мыңнан астам өлім жағдайы тіркелді. COVID-19 пандемиясы бүкіл әлем бойынша шамамен 223 ел мен аумақты қамтыды. 2023 жылдың 15 қаңтарындағы жағдай бойынша әлемде 662 миллионнан астам COVID-19 инфекциясын жұқтырған адамдар саны тіркеліп және 6,7 миллионнан астам адам коронавирустық инфекциядан қайтыс болды [1].


SARS-CoV-2-адамдарда ауыр респираторлық синдромды тудыратын бір тізбекті оң тізбекті РНК вирусы. Әдетте, коронавирустар адамдар мен жануарларда тыныс алу жолдарының, асқазан-ішек жолдарының және орталық жүйке жүйесінің ауруларын тудыруы мүмкін, бұл адамдардың өміріне қауіп төндіреді және экономикалық зиян келтіреді. Бұл вирустар мутациялану арқылы жаңа ортаға бейімделу қабілетіне ие және жұқтырған иесіне сай өзгеруге бағдарламаланған, сондықтан, қауіптері тұрақты және ұзақ мерзімді Бүгінгі күнге дейін COVID-19 үшін қолдау терапиясынан басқа дәлелденген нақты емдеу әдістері жоқ. COVID-19 ауырлығы мен болжамына әсер ететін ықтимал факторларды анықтау және жеке емдеуді, және күтімді енгізу өте маңызды [11]. Инфекция адамнан адамға жақын байланыс арқылы, симптомдары басым адамдардан және симптомсыз тасымалдаушылардан беріледі. Коронавирустар отбасының өкілдері тыныс алу, бауыр және неврологиялық ауруларды қоздыратыны белгілі. Жеңіл инфекциялардың бір апта ішінде жойылуы байқалды, ал ауыр жағдайларда жедел респираторлық жеткіліксіздік, тіпті сепсис пен өлімге әкелді. Өлім-жітімдердің көпшілігі қант диабеті, жүрек және бүйрек аурулары, созылмалы обструктивті өкпе ауруы, қатерлі ісік және иммундық аурулар сияқты бұрыннан бар жағдайлары бар орта жастағы/егде жастағы адамдарда тіркелді. Клиникалық тұрғыдан симптомсыз формалардан манифесттік формаларға дейін, интоксикация, қызба, өкпенің басым зақымдануы және әртүрлі органдар мен жүйелердің (тамырлардың эндотелийі, жүрек, бүйрек, бауыр, ұйқы безі, ішек, простата, орталық және перифериялық жүйке жүйелері) асқынулардың даму қаупі жоғары инфекция. Инкубациялық кезеңі 2-14 күн аралығын қамтиды [12]. 2020 жылдың наурыз айында ДДСҰ COVID-19 ауырлық дәрежесінің үш деңгейіне жіктеді: науқастарда дене қызуы

көтерілгенде немесе респираторлық инфекцияға күдік болғанда анықталатын ауыр ауру, сонымен қатар төмендегілердің бірі: тыныс алу жиілігі >30 тыныс алу/мин, қатты тыныс алу қиындауы және оттегі импульстік оксиметріндегі қанығу $\leq 93\%$; критикалық жағдай респираторлық дистресс-синдромы немесе жедел орган дисфункциясы бар сепсиспен ауыратын науқастарда ауыр ауру анықталады; және жоғарыда аталған жағдайлардың ешқайсысы жоқ ауыр емес стационарлық науқастар. COVID-19 инфекциясы оң болған науқастарда негізінен қызба, құрғақ жөтел, шаршау немесе миалгия кездеседі. COVID-19-бен ауыратын науқастардың көпшілігінің болжамы қолайлы деп есептелсе де, егде жастағы науқастар мен созылмалы аурулары бар науқастардың нәтижелері нашар болуы мүмкін. Созылмалы қатар жүретін аурулары бар емделушілерде коронавирусты жұқтырғаннан кейін вирустық пневмония, еңтігу және гипоксемия 1 апта ішінде дамуы мүмкін, ол тыныс алу немесе соңғы мүшелер жеткіліксіздігіне және тіпті өлімге дейін жетуі мүмкін. Егде жас (≥ 65 жас), ер жыныс, артериялық гипертензия, жүрек-қан тамырлары аурулары, қантты диабет, қатерлі ісік COVID-19 инфекциясынан болатын өлім қаупімен байланысты болды [13].

Инфекцияның ауа-тамшы арқылы жолы негізгі инфекция жұқтыру жолы болып табылады; SARS-CoV-2 жұқтырған адаммен немесе оның кез келген заттарымен, соның ішінде киіммен, есік тұтқаларымен және т. б. кездейсоқ байланыста болған кезде сау адамға берілуі мүмкін. Дегенмен, екі адам арасындағы 2 м қашықтықты сақтау, сыртқа шыққанда бетперде кию және жұқтырған адамдарды оқшаулау арқылы инфекцияның таралуын болдырмауға болады [14]. Жаңа коронавирустың, яғни ауыр жедел респираторлық синдромның таралуын болдырмау үшін (SARS-CoV-2), көптеген елдер жаппай жиналуға тыйым салуды, әлеуметтік қашықтықты сақтауды, оқу орындарын, ғибадат орындарын, қоғамдық орталықтарды, ойын-сауық саябақтарын және сауда орталықтарын жабуды қоса алғанда, көптеген шектеу шараларын қабылдады Қазақстан – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен халықаралық сарапшылардың оң бағасын алған карантиндік шараларды дер кезінде қабылдаған алғашқы мемлекеттердің бірі болды [15].

Қазақстан территориясында ең бірінші коронавирус инфекциясы 13 маусым 2020 жылы тіркелді. Ресми статистикаларға сүйенетін болсақ COVID-19 инфекциясы ең көп тараған ірі қалалардың бірі елорда болды. Вирустың Қазақстанға әкелінуінің алдын алу бойынша алғашқы шаралар 2020 жылдың басында қолға алынды. 6 қаңтардан бастап Қытаймен шекарада санитарлық-эпидемиологиялық бақылау күшейтілді. Елде инфекцияның таралуын болдырмау үшін 16 наурызда төтенше жағдай режимі енгізіліп, 22 наурызда Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана) мен Алматыға кіру және шығу жабылды. Кейіннен

еліміздің басқа аймақтары да карантинге жабылды. Нәтижесінде төтенше жағдай 11 мамырға дейін созылды. Төтенше жағдай кезінде сауда және ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің қызметі тоқтатылды, адамдар көп жиналатын кез келген іс-шараларға тыйым салынды, теміржол және әуе қатынасы тоқтатылды, ұйымдардың көпшілігі мүмкіндігінше қашықтағы жұмыс режиміне көшті. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты еліміздің жекелеген аймақтарында әртүрлі ұзақтығы мен жиілігімен шектеу шаралары енгізіліп отырды [16].



1 сурет – Коронавирус инфекциясын жұқтырған ПЦР тест жауабы оң нәтижелері.

Әртүрлі елдер вирустың таралуымен күресу үшін қала ішінде карантин жариялау, жергілікті оқшаулау, шекараны жабу, науқасты оқшаулауға дейін әртүрлі шаралар қабылдады. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік дистанциялау шаралары («үйде болу»), бетперделерді қолдану және мейрамханаларды және ойын-сауыққа байланысты кәсіпорындарды жабу COVID-19 таралуын айтарлықтай төмендетті [17]. Бірақ мұндай шаралар экономика мен білім саласына ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар науқастардың физикалық және психикалық денсаулығына және өмір сүру сапасына әсер етеді [18,19,20].

1.2 COVID-19 инфекциясы және артериялық гипертензия байланысы

Соңғы деректерге сүйенсек COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастар арасындағы өлім-жітімнің артуы мен олардың жұқпалы емес патофизиологиялық жағдайлардан, атап айтқанда созылмалы аурулардан зардап шегуі арасында себепті байланыс расталды. Шын мәнінде, созылмалы аурулардан туындаған иммунитет тапшылығынан басқа, COVID-19 иммундық жүйеге де әсер етті. Сонымен қатар, жаңа коронавирус өкпеге және жүрек, бүйрек және ми сияқты басқа да маңызды органдарға әсер етеді. Осы зардаптардың барлығына COVID-19 жұқтырған созылмалы аурулары бар адамдарда осалдық пен қатар жүретін аурулардың жоғарылауымен байланысты деп айыпталған. Физикалық денсаулықтан басқа, COVID-19 психикалық денсаулыққа теріс әсер етті, бұл адамдарда айтарлықтай алаңдаушылық пен депрессияны тудырды және күнделікті өмірге, жұмысқа және адамдармен қарым-қатынасына да әсерін тигізбей қоймады. Адамдар COVID-19 таралу кезінде инфекцияны жұқтыру және отбасы мүшелерінен айырылу деген сияқты қорқыныш сезімдері басым болды. Сонымен қатар, көптеген адамдар жұмысынан айырылды, әлеуметтік оқшаулануға ұшырады және жақын адамдарынан айырылды.

COVID-19 пандемиясы халықтың өмірін, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің жұмысы мен ұйымдастырылуына толығымен өзгерістер енгізді. Карантин уақытында медициналық көмектің тапшылығына байланысты созылмалы жүрек немесе өкпе ауруынан зардап шегетін науқастарға инфекция қаупін азайту және қауіпсіздікті сақтау үшін сыртқы ортамен контактты азайту ұсынылды [21].

Созылмалы жұқпалы емес аурулары (СЖЕА) бар науқастар күнделікті әрекеттерін, диетасын, жаттығуларын басқаруы керек және үнемі бақылауды қажет етеді. Инфекциямен күресу, әсіресе жеткізу және медициналық мекемелер мен медициналық қызмет көрсетушілерге қолжетімділіктің болмауы қиындық тудыруы мүмкін. СЖЕА бар науқастарға физикалық күтіммен қатар психологиялық көмек әлі де дер кезінде көрсетілу керек. Көптеген онлайн психологиялық өзін-өзі көмек қызметтері бар болса да, бұл тек жалпы консультация болуы мүмкін және бұл науқастарға психикалық денсаулық тұрғысынан диагностика мен емдеуді алу қиын. Сонымен қатар, табысы төмен және орташа елдердегі онлайн психикалық денсаулық қызметтеріне қатысты көптеген сұрақтар жауапсыз қалады.


Эпидемия көптеген елдерді жойып, денсаулық сақтаудың жаһандық төтенше жағдайына тұтастай алғанда әлеуметтік қашықтықты талап ететін қоғамға айналуын жалғастыруда, созылмалы ауыр аурулары бар науқастарға күнделікті ем алуы қиынға соғуда [22]. Бразилиялық COVID-19 пандемиясы

кезіндегі мінез-құлықты зерттеу және СЖЕА бар науқастарда пандемия кезіндегі ұйқы проблемаларына әсерін анықтауға әрекет жасалды. Нәтижелер қантты диабеті, гипертония, созылмалы респираторлық ауру және жүректің ишемиялық ауруларының болуы COVID-19 пандемиясы кезінде ұйқы проблемаларын сезіну немесе күшейту ықтималдығын арттыратынын көрсетті. Ұйқының нашарлау ықтималдығы осы жағдайлардың кем дегенде біреуі бар екенін хабарлаған адамдарда жоғары болды. Сондай-ақ СЖЕА-ның болуы пандемия кезінде қайғы немесе жүйке күйзелісі туралы хабарлау ықтималдығын арттырды және бұл сезімдер ұйқы проблемаларының басталуымен немесе көбеюімен айтарлықтай байланысты болды. Олар сондай-ақ ұйқы проблемаларына әсері ішінара қайғы немесе жүйке сезімімен делдалды екенін анықтады, яғни созылмалы ауруы бар науқастар барынша контакті азайту шаралары және пандемияның қатаңдауы бұның барлығы оларға стресстік жағдай туғызып, ұйқы сапасын төмендетіп, мазасыздық, алаңдаушылық сезімдерінің басым болғанын білдіреді [23].

Бірнеше зерттеулерде хабарланғандай, бұл экстремалды шаралар белгісіз инфекция туралы қорқыныш пен белгісіздікпен бірге адамдардың өмір салтына әсер етіп, жоғары деңгейдегі психологиялық стрессті, алаңдаушылық пен көңіл-күйдің өзгеруін тудырды. Вирусты жұқтырудан қорқу да, инфекцияның таралуына қарсы іс-қимыл шаралары да травматикалық оқиғалар ретінде қабылдануы мүмкін. Сондықтан олар көптеген психикалық аурулардың қауіп факторларын көрсете алады және жарақаттан кейінгі стресстік бұзылыстың белгілерін тудыруы мүмкін [24]. Қантты диабеті, жүрек-қан тамыр аурулары, тыныс алу аурулары, бүйрек ауруы және басқа созылмалы аурулары бар науқастарда COVID-19 ауыр түрде даму қаупі жоғары. Зерттеулер көрсеткендей, коронавирус инфекциясымен ауруханаға жатқызылған науқастардың шамамен 20%-ында кем дегенде бір қосымша созылмалы ауру бар [25].

ДДСҰ-ның анықтамасы бойынша СЖЕА әдетте баяу дамиды, ұзақ мерзімді, генетикалық, физиологиялық, экологиялық және мінез-құлық факторларының жиынтық әсерінен дамиды аурулар [1]. СЖЕА қан айналымы жүйесі аурулары, тыныс алу жүйесі, ас қорыту жүйесі, бүйрек аурулары, ревматологиялық, эндокринологиялық аурулар, ең алдымен қантты диабет жататын ДДСҰ анықтаған аурулар тобы. СЖЕА ауру, мүгедектік және өлімнің негізгі себебі болып табылады. Ең көп таралған жұқпалы емес ауруларға кардиоваскулярлық аурулар, онкологиялық аурулар, өкпенің созылмалы аурулары және қантты диабеті жатады. Жүрек-қан тамырлары аурулары дүние жүзінде өлімнің басты себебі болды; олар 2017 жылы 17,8 миллион адамның өліміне себеп болды. Гипертония, жүрек-қан тамырлары ауруларының көптеген биомедициналық қауіп факторларының бірі, кез келген басқа факторларға карағанда өлімге әкеледі. Дүние жүзінде 1,38 миллиард адам оңтайлы

бақылаусыз гипертониямен ауырады деп есептеледі. ДДСҰ мәліметтері бойынша, артериялық гипертензия адамның ең көп таралған созылмалы спецификалық емес ауруларының бірі болып табылады, бұл барлық өлім-жітімнің 30% құрайды [26].



2 сурет – Қазақстанда 2017-2020 жылдар аралығында 100000 адамға шаққандағы қан қысымының жоғарылауымен сипатталатын аурулар [27,28].

Артериялық гипертензия (жоғары қан қысымы) - қан тамырларындағы қысым қалыптыдан жоғары болатын жағдай (140/90 мм сынап бағанасы немесе одан жоғары). Гипертония әлемде ең көп таралған СЖЕА-ның бірі және емделмеген жағдайда ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Адамда жоғары қан қысымының белгілері болмауы мүмкін. Оны тек қысымды өлшеу арқылы анықтауға болады. Қан қысымының жоғарылауы 2015 жылы әлемде мезгілсіз өлімнің негізгі себебі болды, деректерге сүйенсек 10 миллионға жуық өлім және мүгедектікке байланысты 200 миллион науқас тіркелді. СҚҚ >140 мм сынап бағанасы. өлім мен мүгедектіктің ауыртпалығының көп бөлігін құрайды (70%) соған байланысты жылына жүректің ишемиялық ауруы (4,9 миллион), геморрагиялық инсульт (2,0 миллион) және ишемиялық инсульт (1,5 миллион) тіркелуде [26].

Қазақстанда халықтың шамамен 20-30%-ы гипертониямен ауырады, ал 65 жастан асқан адамдар арасында олардың саны бұдан да жоғары және 50-ден 65%-

ға дейін жетеді. Қазақстанда жұқпалы емес аурулардан ерте өлім көрсеткіші жоғары. Дәлелді емдеу, бақылау және салауатты өмір салтын насихаттау арқылы көптеген өлімнің алдын алуға болады. Бұған дейін елде озық тәжірибелерді сақтауды жүйелі түрде қадағалайтын жүйе болмаған және жүргізілген сауалнамалар емдеуде елеулі кемшіліктерді анықтаған болатын. Мысалы, 2010 жылы гипертониямен ауыратын 1799 науқастың тек 27%-ы ғана күн сайын тағайындалған дәрі-дәрмектерді қабылдаған. Сонымен қатар, бір қалада гипертониясы бар науқастардың тек 34% (119/350) қан қысымын бақылаған [29].

Түрлері	Систолалық	Диастолалық
Оптимальды	<120	<80
Норма	120-129	80-84
Жоғары	130-139	85-89
1 дәрежелі артериялық гипертензия	140-159	90-99
2 дәрежелі артериялық гипертензия	160-179	100-109
3 дәрежелі артериялық гипертензия	≥180	≥110

1 кесте –Артериялық гипертензия түрлері

Гипертонияның дамуына ықпал ететін факторларды екі топқа бөлуге болады: бақыланатын және бақыланбайтын.

Бақыланатын қауіп факторларына:

- артық салмақ;
- зиянды әдеттер (алкогольді ішу, темекі шегу);
- төмен физикалық белсенділік;
- тамақпен бірге тұзды көп қабылдау;
- жоғары холестерин;
- стресс

Ал бақыланбайтын факторларына:

- 55 жастан асқан жас;
- жүрек-қан тамырлары аурулары бойынша ауыр тұқым қуалаушылық;
- жынысы (мысалы әйелдерде ерте менопауза) және т.б. жатады.

Бұл факторлар топтарының арасындағы айырмашылық басқарылатын факторларды түзетуге немесе жоюға болады, ал басқарылмайтын факторларды жоюға болмайды [30]. Сонымен қатар гипертензия науқастың қорқыныш сезіміне байланысты ақ халатты немесе бетперделі болуы мүмкін. Ақ халат гипертензиясы – медициналық мекемеге бірнеше рет тексеру кезінде қан қысымы көтеріледі, бірақ медициналық мекемеден тыс жерлерде СҚҚ мен ДҚҚ қалыпты деңгейде болады. Бірақ тұрақты гипертензиясы бар емделушілерге қарағанда жүрек-қан тамыр ауруларының қаупі төмен және әдетте анамнезінде қантты диабет, темекі шегу деген сияқты қауіп факторлары болмайды. Бетперделі гипертензия – кеңселік қан қысымы қалыпты болуы мүмкін және ауруханадан тыс жерде патологиялық жоғарылауы мүмкін болатын жағдай. Сондай-ақ науқас өзінің қан қысымын тұрақты өлшемегеннен немесе стресстік триггерлік жағдайлар кезінде жедел гипертония немесе гипертониялық криз болуы мүмкін. Бұл қан қысымының дереу көтерілуі және ақсатты мүшелердің жедел зақымдану белгілері бар ауыр гипертензия (әдетте 3 дәрежелі) болып табылады. Мұндай жағдайда дереу жедел жәрдем шақырылып, науқас есепке алынуы қажет [31].

Ағымдағы басқару стратегиялары фармакологиялық және/немесе фармакологиялық емес араласуды қамтиды. Тәуекел жағдайларына байланысты гипертензияға қарсы дәрі-дәрмектердің әртүрлі кластары ұсынылады. Артериялық гипертензиямен ауыратын науқастарға денсаулықты жақсартатын өмір салтын өзгерту көрсетіледі. Антигипертензивті дәрі-дәрмектердің тиімділігіне қарамастан, ересек тұрғындар арасында бақыланбайтын гипертензияның таралуы жоғары болып қалады. Ұлттық денсаулық және шеберлік институтының ұсынымдары гипертонияны басқарудағы өмір салтының маңыздылығын көрсетеді және дұрыс тамақтану, тұрақты физикалық белсенділік, темекі шегуден толық бас тарту және алкогольді шектеу сияқты емдеу бағдарламаларына дәрілік емес компоненттерді қосу қажеттілігін атап көрсетеді.

Гипертония зерттеушілер арасында оның COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастар арасында таралуының жоғары болуына байланысты танымал болды. Ухань маңында жүргізілген обсервационды және ретроспективті зерттеулер нәтижесі гипертония 15%-дан 30%-ға дейінгі диапазонды құрайтын COVID-19 әсерінен зардап шеккен науқастарда байқалатын ең көп таралған ауру екенін көрсетті. 2019 жылдың 11 желтоқсаны мен 2020 жылдың 29 қаңтары аралығында Ухань қаласында COVID-19 жұқтырған 1099 науқас туралы деректермен жүргізілген ең ірі зерттеулердің бірінде 165 науқаста ($\approx 15\%$) қан қысымы жоғары болды. Сол зерттеу сонымен қатар гипертониясы бар науқастардың жалпы саны 23,7% -ында қалыпты жоғары қан қысымы бар науқастардың 13,4% -ында аурудың ауырлығы жоғары болғаны

туралы хабарлады [32]. Гипертония мен семіздік COVID-19 пандемиясында, инфекцияның ауыр өтуінде маңызды рөл атқарады. Дүние жүзінде семіздік пен гипертониямен ауыратындардың саны артып келе жатқандықтан, осы үш індеттің қақтығыстарын елемеуге болмайды. COVID-19 инфекциясы мен гипертония мен семіздік арасындағы байланыстың негізінде жатқан механизмдерді түсіну тиімді мақсатты емдеу әдістерін әзірлеу үшін маңызды.

Гипертония проблемаларының өзі пандемияға жатады. Дүние жүзіндегі гипертониямен ауыратын 1,13 миллиард адамның 20%-дан азы қан қысымын бақылауда ұстайды. Физикалық белсенділіктің болмауы, дұрыс тамақтанбау және темекі шегу - бұл нашар бақыланатын, гипертонияға ықпал ететін белгілі факторлар. Жас кезден басталатын өмір салты мен салмақ жоғалтуға арналған араласулар жүрек-қан тамырлары аурулары және созылмалы бүйрек аурулары сияқты қатар жүретін аурулардың қаупін азайтуға ғана емес, сонымен қатар вирустық аурулардың ауыр асқынуларының қаупін азайтуға да әсер етуі мүмкін [33].

Коронавирустық инфекциясы бар науқастардың алғашқы сипаттамалары туралы деректер шығарыла бастағанда, созылмалы аурулары бар, атап айтқанда артериялық гипертензия, қатар жүретін аурулардың болуы жағымсыз нәтижелердің жоғары қаупімен байланысты деген болжамдар бар. 8 зерттеудің деректерін біріктірген мета-талдау нәтижелері бойынша ең жиі кездесетін аурулар жүрек-қан тамыр аурулары (5%), оның ішінде артериялық гипертензия (17%), қантты диабеті (8%) және бронх-өкпе патологиясы (2%) [21]. Мета-талдауларға сүйенсек қосымша аурулары бар науқастарда COVID-19-дан өлім деңгейінің жоғарылағаны туралы ақпараттар бар [34,35,36]. Ссентонго және т.б. авторлары және Луо және т.б. авторлары 2019-2020 жылдар аралығында жариялаған 25-тен астам зерттеулерге сүйене отырып, қантты диабет пен артериялық гипертензиясы бар науқастарды және қосалқы аурулары жоқ адамдармен салыстырғанда, сәйкесінше, коронавирус инфекциясынан өлім қаупі 1,82 есе өскенін көрсетті [35,36].

Артериялық гипертензия – коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарда ең көп таралған жүрек-қан тамыр аурулары ретінде анықталды. Бастапқы зерттеулер ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің тежегіштері вирустық инфекция қаупін арттыруы және аурудың ауырлығын күшейтуі мүмкін деген болжамдар артериялық гипертензиясы бар науқастарда үрей тудырды. Алайда, кейінгі деректер гипертензияға қарсы препараттарды тағайындауды қолдады және олардың гипертензиясы бар науқастарда COVID-19 инфекциясының ауырлығын арттырмайтындығы жайлы деректер шықты. Бүгінгі күні гипертензияның COVID-19 жұқтырған науқастарда қолайсыз нәтижелерге бейімділігінің нақты механизмі белгісіз болып қалады [37].

Артериялық гипертензия жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуының жоғары қауіп факторы болып табылады және созылмалы аурулардың ішінде ең көп тараған сонымен қатар бүгінгі күні жасарып келе жатқан аурудың түрі. Соңғы мәліметтерге сүйенсек артериялық гипертензияның болуы қабынуда, иммундық жауаптарда және асқазан-ішек жолдарында функцияларына кері әсерін тигізіп, бұл коронавирус жұқтырған науқастардың нашар нәтижелерін ішінара түсіндіреді. Осылайша, артериялық гипертензия мен SARS-CoV-2 инфекциясының қатар болуы науқастар үшін екі есе қиындық тудыруы мүмкін [38].

7 зерттеуден тұратын мета анализде коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарда ең көп таралған созылмалы аурулар: артериялық гипертензия мен қантты диабеті, одан кейін жүрек-тамыр және тыныс алу органдарының аурулары болды [39]. COVID-19 мен артериялық гипертензия арасындағы байланыс індеттің алғашқы зерттеулерінде байқалды. Қытайда жүргізілген зерттеуде SARS-CoV-2 сынамасы оң нәтиже берген науқастардың 15%-ы гипертониямен ауырған [40]. Тіркелгендердің орташа жасы 49 жасты құрады және олардың 73%-ы ер адамдар. Нью-Йорктегі COVID-19-мен ауыратын науқастар когортасындағы жарияланымдарда 50,1% және 56,6%-ында жиі кездесетін созылмалы ауру гипертония болды [41,42]. Жаңа Орлеандағы 800-ге жуық науқастарды зерттеуде, COVID-19 ауруханасына жатқызылғандардың 73,8% гипертониямен ауырған. Гипертония, семіздік және қантты диабеті ауруханаға жатқызылған топтағы ең көп таралған қауіп факторлары болды [43].

Жоғарыда атап өткендей гипертония және жүрек-қан тамырлары аурулары көбінесе COVID-19-ға байланысты өлім негізгі екі ауру ретінде тізімге алынды, бұл тәуекелді екі есе арттырады. Сондықтан созылмалы жүрек ауруы бар емделушілер COVID-19 пандемиясы кезінде дәрігердің жеке қабылдауын барынша азайтуға ерекше назар аударған жөн. Созылмалы аурулары бар егде жастағы науқастар әсіресе осал. Егде жастағы адамдар COVID-19 инфекциясына көбірек бейім, COVID-19 жұқтырғаннан кейін болжамы нашар, сондай-ақ бір немесе бірнеше жұқпалы ауруларды жұқтыруы да ғажап емес; осылайша, олар дәрігерге бетпе-бет келу кезінде COVID-19 әсерінен қорқыныштың жоғары деңгейін сезінуі мүмкін [44,45].

COVID-19 пандемиясына алғашқы реакциялардың бірі алаңдаушылық пен стресс болды. Мұндай қарқынды тараған, 200-ден астам елді қамтыған індет тек халықты емес, тіпті ДДСҰ-ға қарсы тұру оңай болмады. Карантин шаралары, қорқыныш, болашаққа деген алаңдаушылық осының бәрі популяцияның өмір сапасын төмендетіп, ұйқы сапасына әсерін тигізбей қоймады.

Ұйқы мен психикалық денсаулық арасындағы байланыс жақсы құжатталған. Мысалы, ұйқысыздықтан зардап шегетін адамдар, ұйқысы жақсы


адамдарға қарағанда депрессия мен мазасыздықтың клиникалық маңызды деңгейін бастан кешіру ықтималдығы сәйкесінше 10 және 17 есе жоғары. Сонымен қатар, 21 бойлық зерттеулердің мета-талдауы бастапқы ұйқысыздықпен ауыратын адамдарда ұйқысыздықпен зардап шекпейтін адамдармен салыстырғанда кейінгі кезеңде депрессияны дамыту ықтималдығы екі есе жоғары екенін көрсетті. Зерттеулер көбінесе ұйқысыздық пен депрессия мен мазасыздық арасындағы байланыстарды қарастырғанымен, ұйқы проблемаларының әртүрлі психикалық денсаулық мәселелерімен байланысты екендігі туралы дәлелдер де бар. Мысалы, нашар ұйқы сонымен қатар жарақаттан кейінгі стресстік бұзылыстармен, тамақтану бұзылыстарымен және галлюцинациялар сияқты психотикалық спектр тәжірибесімен байланысты болды. Зерттеулер сонымен қатар психикалық денсаулығында проблемалары бар адамдарда ұйқы сәтіндегі апноэ, циркадиялық ырғақтың бұзылуы, мазасыз аяқ синдромы, күндізгі шамадан тыс ұйқышылдық қорқынышты түс көру сияқты ұйқының бұзылуының жиі кездесетінін көрсетті [46].

Ұйқы сапасы мен мазасыздық яғни адамның психикалық жағдайы бір-бірімен тығыз байланысты. Егер де біреуінен адам зардап шексе тікелей өмір сүру сапасына әсерін тигізері сөзсіз. Жаңа коронавирустың физиологиялық салдарын емдеуге көп клиникалық назар және зерттеу назар аударылғанымен, вирустың жұқтырған науқастарға психологиялық әсерін де ескеру қажет. Вирустық инфекциялар және кейінгі оқшаулау және карантин тез ұйқының бұзылуына, алаңдаушылық пен депрессиялық эпизодтарға әкелуі мүмкін.

COVID-19 пандемиясының психологиялық әсері әлеуметтік желілерде ұсынатын жалған ақпараттың кең таралуы және оның үлкен ауқымы нәтижесінде медициналық қызметкерлерге шамадан тыс ауырлық түсіріп, өкпенің жасанды вентиляция аппараты сияқты өмірлік қажетті заттардың тапшылығына әкеліп соқтырған коронавирустық індеті басқа да пандемия салдарларынан асып түсуі мүмкін. Бұған қоса, алдыңғы зерттеулер қарқынды терапия бөліміндеге механикалық желдетуді қолдану жедел психиатриялық симптомдардың қауіп факторлары болып табылатынын және қарқынды терапияны қажет ететін COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастар психикалық бұзылулардың дамуы үшін ықтимал жоғары тәуекел тобына айналуы мүмкін екенін көрсетті [47].

Жағдайлар туралы есептер мен бақылау соңғы зерттеулері COVID-19 бар науқастарда депрессия, мазасыздық және ұйқының бұзылуы дамуы мүмкін екенін көрсетті және бұл бұзылуларға болжамды жақсарту, мазасыздықтың мерзімін қысқарту және ұзақ мерзімді денсаулыққа ауыр психикалық бұзылыстар болдырмау үшін клиникалар тиісті түрде диагностикасы және басқарылуы керек. Талдаулар көрсеткендей, COVID-19-мен ауыратын көптеген

пациенттер депрессияны, мазасыздықты және/немесе ұйқының бұзылуын бастан кешіреді. Бұл психикалық бұзылулардың себебі көп факторлы болуы мүмкін. Мүмкін факторлардың бірі – карантин немесе ауруханаға жатқызу кезінде отбасымен және жақын адамдарымен байланыс болмауы. COVID-19 туралы нашар білімге немесе жалған ақпаратқа байланысты ауруға байланысты қорқыныш, өзін-өзі кінәлау, әлеуметтік қысым COVID-19 бар науқастарда психиатриялық бұзылулардың дамуына ықпал етуі мүмкін. Ауыр жағдайларда COVID-19 бар емделушілер суицидтік ойлауға тіпті жасауға бейімділік танытты, бұл осы популяциядағы психикалық денсаулық проблемаларын ерте анықтау және араласудың маңыздылығын көрсетеді. Жүйелі шолу және мета-талдау нәтижелеріне сәйкес, COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастардың 45% -ы депрессияға ұшыраған, науқастардың 47% -ы мазасыздықты бастан кешірген және науқастардың 34% -ы ұйқының бұзылуын бастан кешірген [46, 47].



3 сурет– Қазақстанда 2 компонентпен екпе алған адамдар саны

COVID-19 пандемиясы халықтың өмір салтына айтарлықтай өзінің әсерін тигізді. Инфекция мутацияланып, өзгеруі, симптомдарының кей жағдайларда әртүрлі болып, инубациялық күнінің ұзақтығы, бұрын соңды зерделенбеген жаңа ауруға қарсы тұру ДДСҰ-ға оңай соқпады. Дер кезінде анықталмаған жағдайда инфекция бүкіл денеге тез тарап, барлық ағзаларды зақымдап өлімге де алып

келді. SARS-CoV-2 үнемі мутацияланатын және алаңдаушылық тудыратын жаңа нұсқалармен халыққа вакцинация жүргізу өте маңызды. Ауыр жіті респираторлық коронавирустық синдромға қарсы вакцина әзірленді және клиникалық сынақтан өтуде, кейбір вакциналардың клиникалық сынақтарда COVID-19-ға қарсы тиімділігі 90%-дан астам екені хабарланды [1]. COVID-19 жағдайларының саны тұрақсыз юолып тұрған жағдайда қазір бүкіл әлем бойынша бұл тамаша көрсеткіш.

1.3 Пандемия кезіндегі артериялық гипертензиясы бар науқастардың психикалық жағдайы

Коронавирус инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастардың жастық және жыныстық сандары, категориальды сипаттамалар пайыздық мәндері, абсолюттік мәндер, сенімділік интервалы келесі кестелерде көрсетілген:

Көрсеткіштер	Категориялар	Абс.	%	95% СИ
COVID-19 болуы	COVID-19 ауырмағандар	54	50,0	40,2 – 59,8
	COVID-19 ауырғандар	54	50,0	40,2 – 59,8
Жынысы	әйел	55	50,9	41,1 – 60,7
	ер	53	49,1	39,3 – 58,9
Жасы	Жастық шақ	40	37,0	27,9 – 46,9
	Орта жас	47	43,5	34,0 – 53,4
	қарттық шақ	21	19,4	12,5 – 28,2
Ауырлық дәрежесі	Білмейді	30	27,8	19,6 – 37,2
	Жеңіл дәреже	27	25,0	17,2 – 34,3
	Орта дәреже	28	25,9	18,0 – 35,2
	Ауыр дәреже	23	21,3	14,0 – 30,2

4 кесте – Коронавирус инфекциясының болуы жынысы, жасы, ауырлық дәрежесіне әсерін анықтау

Кестедегі талдауларды, пайыздарды салыстыру, р мәнін анықтау Пирсонның хи-квадрат сынағы арқылы орындалды. Кестедегі мәліметтерге сүйенсек екі топ арасында жанысы, жасы, ауырлық дәрежесі бойынша сандық мәндері мен ара қатынасында айырмашылық минимальды.

Категориялық айнымалылардың сипаттамалық статистика деректерінен қатысушылардың жынысы бойынша әйелдердің ерлермен салыстырған сандық көрсеткіші басымырақ, сондай-ақ науқастардың басым бөлігі (28%-ында) өзінің ауруының ауырлық дәрежесінің білмейтіні анықталды.

Көрсеткіштер	Жынысы	COVID-19 жұқтырғандар	COVID-19 жұқтырмағандар	Қатынасы	р
COVID-19 болуы	Ер	28 (52,8)	25 (47,2)	1:0,9	р>0,05 0,564
	Әйел	26 (47,3)	29 (52,7)	0,9:1	

*көрсеткіштердегі айырмашылықтар статистикалық маңызды емес
5 кесте – Респонденттердің жынысқа байланысты «COVID-19-дың болуын» талдау

Жынысқа байланысты «COVID-19 болуы» көрсеткішіне талдау жасалды. Кестедегі талдау нәтижесі бойынша науқастардың жынысына байланысты COVID-19-дың болуы индикаторын талдаған кезде айтарлықтай айырмашылықтарды анықтай алмадық ($p = 0,564$). Ауырғандарда ерлер тобындағы COVID-19 ықтималдығы әйелдер тобына қарағанда 1,249 есе жоғары болды, коэффициенттік айырмашылықтар статистикалық маңызды емес екені анықталды (95% СИ: 0,587 - 2,660).

Көрсеткіштер	Жасы	COVID-19 жұқтырғандар	COVID-19 жұқтырмағандар	Қатынасы	р
COVID-19 болуы	Жастық шақ	19 (47,5)	21 (52,5)	0,9:1	р>0,05 0,844
	Орта жас	25 (53,2)	22 (46,8)	1:0,88	
	Қарттық шақ	10 (47,6)	11 (52,4)	0,9:1	

*көрсеткіштердегі айырмашылықтар статистикалық маңызды емес
6 кесте –Респонденттердің жасына байланысты «COVID-19-дың болуын» талдау


Науқастардың жасына байланысты «COVID-19 болуы» көрсеткішіне талдау жасау барысында да сатистикалық айырмашылық табылмады ($p = 0,844$). Жастары бойынша салыстыру барысында орта жастағы COVID-19 жұқтырғандардың саны басымырақ (53,2%) екені анықталды. Екі топ

арасындағы жасы бойынша проценттік айырмашылық min 4,8%, max 6,4% құрады.

Көрсеткіште р	Ауырлық дәрежесі	COVID-19 жұқтырғандар	COVID-19 жұқтырмағандар	Қатынасы	р
COVID-19 болуы	Жеңіл дәреже	12 (44,4)	15 (55,6)	0,8:1	р>0,05 0,917
	Орташа дәреже	14 (50,0)	14 (50,0)	1:1	
	Ауыр дәреже	12 (52,2)	11 (47,8)	1:0,92	
	Білмейді	16 (53,3)	14 (46,7)	1:0,87	

*көрсеткіштердегі айырмашылықтар статистикалық маңызды емес
7 кесте –Респонденттердің ауырлық дәрежесіне байланысты «COVID-19-дың болуын» талдау

Аурудың ауырлық дәрежесіне байланысты COVID-19 болуы көрсеткішін салыстыру барысында сонымен қатар екі топ арасындағы қатынастарында айтарлықтай статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтай алмадық (р = 0,917).



7 сурет- ауырлық дәрежесі бойынша респонденттердің пайыздық көрсеткіштері


Коронавирус инфекциясын жұқтырмаған науқастар тобында аурудың ауырлық дәрежесінің жеңіл түрі (0,8:1), ал коронавирус инфекциясын жұқтырған

науқастардың сәл басым бөлігі өзінің ауруының ауырлық дәрежелерін білмейтіні анықталды (1:0,87).

3.2 COVID-19 пандемиясы кезеңінде артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейіне және ұйқы сапасына бағалау жүргізу


Коронавирус пандемиясы кезінде артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейі Ч.Д. Спилбергердің бағалау шкаласы арқылы жүргізілді. Бағалау шкаласы бойынша науқастардың реактивті және жеке мазасыздық деңгейлерін анықталды. Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің реактивті мазасыздық деңгейі

- 30,5%-ында (33 науқас) жоғары;
- 43,5%-ында (47 науқас) орташа;
- 25,9%-ында төмен (28 науқаста) екендігі анықталды.



8 сурет – Реактивті мазасыздық деңгейі нәтижелері

Диаграммада көрсетілгендей пандемия уақытында артериялық гипертензиясы бар науқастардың басым бөлігінде реактивті мазасыздық деңгейі орташа екендігі анықталды.



9 сурет – Жеке мазасыздық деңгейі нәтижелері


Жеке мазасыздық шкаласы бойынша келесі нәтижелер анықталды:

- 52,8%-ында (57 науқас) жоғары мазасыздық;
- 47,2%-ында (51 науқас) орташа мазасыздық.

Жеке мазасыздық шкаласы бойынша төмен мазасыздық деңгейі анықталмады. Жеке мазасыздық деңгейінің жоғары болуы көптеген жағдайларды қауіпті деп қабылдауға, сондай жағдайларға алаңдаушылық күйімен жауап беруге тұрақты бейімділікті сипаттайды.

Артериялық гипертензиясы бар науқастардың ұйқы сапасы Питтсбург сауалнамасын (PSQI) қолдану арқылы жүзеге асырылды. Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің:

- 55,6%-ында (60 науқаста) $PSQI \geq 5$, яғни ұйқы сапасы нашар
- 44,4%-ында (48 науқаста) ұйқы сапасы жақсы екендігі анықталды.




10 – сурет. Ұйқы сапасының нәтижелері.

Бұл диаграммадан респонденттердің көпшілігі, яғни 56%-да ұйқы сапасының нашар екенін көре аламыз, ал ұйқы сапасының нашар болуы өмір сүру сапасына жағымсыз әсерін тигізуі әбден ықтимал.

3.3 Коронавирус инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастардың мазасыздық деңгейін анықтау


Ч. Д. Спилбергердің реактивті және жеке мазасыздық деңгейін бағалау шкаласын коронавирус инфекциясын жұқтырған 54 артериялық гипертензиясы бар және 54 коронавирус инфекциясын жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастар толтырды. Шкаланың бірінші бөлігі, яғни реактивті мазасыздық бойынша келесі нәтижелерді көрсетті:

- **Коронавирус инфекциясын жұқтырған** науқастардың 29,6%-ы (16 науқас) жоғары мазасыздық, 48,1%-ы (26 науқас) орташа мазасыздық, 22,2%-ы (12 науқас) төмен мазасыздық;




11 сурет – COVID-19 инфекциясын жұқтырған респонденттердің РМ нәтижелері.

Коронавирус инфекциясын жұқтырған науқас тобының жартысына жуығында $n=26$ (48,1%-ында) орташа деңгейлі РМ анықталды.



12 сурет – COVID-19 инфекциясын жұқтырмаған респонденттердің РМ нәтижелері.

Коронавирус инфекциясын жұқтырмаған науқастардың 31,5%-ы (17 науқас) жоғарғы мазасыздық, 38,9%-ы (21 науқас) орташа мазасыздық, 29,6%-ы (16 науқас) төмен мазасыздық анықталды. Бұл топта да орташа РМ деңгейі басым болды.



13 сурет – Екі топтың РМ нәтижелері

Екі топ арасында да орташа РМ деңгейі көбірек кездесті. Төмен РМ деңгейі коронавирус инфекциясын жұқтырмаған науқастарда басымырақ болды, сондай-ақ төмен РМ деңгейі де сәл басымдылық көрсетті. Бірақ екі топ арасында пайыздық салытыру барасында айтарлықтай айырмашылық таба алмадық (max 9,2% min 1,9%). Екі топ арасындағы сандық көрсеткіштердің қалыпты таралуын анықтау мақсатында StatTech v. 3.1.4 бағдарламасын қолдану арқылы статистикалық талдау жүргізілді.

Сандық көрсеткіштер Колмогоров-Смирнов сынағы (50-ден астам субъектілер) көмегімен қалыпты үлестірімге сәйкестігі үшін бағаланды. Сандық

деректер медиана (Me) және төменгі және жоғарғы кватилдер (Q1 – Q3) арқылы сипатталды.

Таралуы қалыптыдан ерекшеленетін екі топты сандық көрсеткіш бойынша салыстыру U–критерий Манн–Уитни көмегімен жүргізілді. Біз COVID-19 ауруына байланысты «Реактивті мазасыздық» көрсеткішін талдадық.

Көрсеткіш	Категориялар	Реактивті мазасыздық шкаласы			p
		Me	Q ₁ – Q ₃	n	
COVID-19 болуы	COVID-19 ауырмағандар	37	25 – 46	54	0,622
	COVID-19 ауырғандар	39	31 – 46	54	


* көрсеткіштердегі айырмашылықтар статистикалық маңызды емес
8 кесте – COVID-19 болуына байланысты РМ көрсеткішін талдау.

COVID-19 болуына байланысты «Реактивті мазасыздық» индикаторын талдау кезінде біз статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтай алмадық (p = 0,622) (қолданылған әдіс: U–критерий Манн–Уитни).

Сауалнаманың екінші шкаласы бойынша науқастардың жеке мазасыздық деңгейіне анализ жүргізілді:


- COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастардың**
- 61,1%-ы (33 науқас) жоғары мазасыздық,
 - 38,9%-ы (21 науқас) орташа мазасыздық;

COVID-19 жұқтырған




14 сурет – COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастардың ЖМ деңгейі

COVID-19 жұқтырмаған



COVID-19 инфекциясын жұқтырмаған науқастардың
■ 44,4%-ы (24 науқас) жоғарғы мазасыздық,
■ 55,6%-ы (30 науқас) орташа мазасыздық деңгейлерін көрсетті.

15 сурет – COVID-19 инфекциясын жұқтырмаған науқастардың ЖМ деңгейі



16 сурет – Екі топ арасындағы ЖМ нәтижелері

ЖМ деңгейлерін зерттеу барысында екі топ арасында да төмен деңгейлі ЖМ анықталмады. Коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарда жоғары мазасыздық инфекцияны жұқтырмаған респонденттермен салыстырғанда 16,7%-ға (n=9) жиі кездесті. Бұл дегеніміз COVID-19 пандемиясын артериялық

гипертензиясы бар науқастар қауіп деп бағалап, алаңдаушылық реакциясын көрсеткен.

COVID-19 болуына байланысты «Жеке мазасыздық» көрсеткішіне екі топ арасындағы статистикалық айырмашылықты анықтау мақсатында талдау жасалынды.


Көрсеткіш	Категориялар	Жеке мазасыздық шкаласы			p
		Me	Q ₁ – Q ₃	n	
COVID-19 болуы	COVID-19 ауырмағандар	44	37 – 48	54	0,015*
	COVID-19 ауырғандар	48	41 – 51	54	

* көрсеткіштердегі айырмашылықтар статистикалық маңызды ($p < 0,05$)
9 кесте – COVID-19 болуына байланысты «Жеке мазасыздық» көрсеткішінің талдауы

Ұсынылған кестеге сәйкес, «Жеке мазасыздық» индикаторын COVID-19 болуына байланысты салыстыру кезінде айтарлықтай айырмашылықтар анықталды ($p = 0,015$) (қолданылған әдіс: U–критерий Манн–Уитни).


3.4 Коронавирус инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастардың ұйқы сапасына талдау жүргізу

Коронавирус инфекциясын жұқтырған және жұқтырмаған артериялық гипертензиясы бар науқастардың ұйқы сапасына талдау практикалық маңызы зор, кеңінен қолданылып келе жатқан Питтсбург сауалнамасы (PSQI) арқылы жүргізілді.




17 сурет – COVID-19 инфекциясын жұқтырған ұйқы сапасы нәтижелері

Сауалнама нәтижесі бойынша **коронавирус инфекциясын жұқтырған** науқастар тобында 66,7%-ында (36 науқаста) ұйқы сапасы нашар екендігі, ал қалған 33,3%-ында (18 науқаста) жақсы ұйқы сапасы анықталды. COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқастардың көпшілігінде ұйқы сапасы нашар екені анықталды.



18 сурет – COVID-19 инфекциясын жұқтырмаған ұйқы сапасы нәтижелері

Коронавирус инфекциясын жұқтырмаған науқастардың 44,4%-ында (24 науқаста) $PSQI \geq 5$, яғни нашар ұйқы сапасы және 55,6%-ы (30 науқаста) жақсы ұйқы сапасы деген нәтиже көрсетті. Ал бұл топта керісінше жартысынан көбісінде жақсы ұйқы сапасын деңгейі анықталды.



19 сурет – Екі топ арасындағы ұйқы сапасы нәтижелері

Коронавирус инфекциясын жұқтырған науқас тобында инфекцияны жұқтырмаған науқастармен салыстырғанда ұйқы сапасы нашар респондттер саны көбірек екені анықталды $n=12$ (пайыздық айырмашылық 22,3%).

Сандық деректер медиана (Me) және төменгі және жоғарғы кватилдер (Q1 – Q3) арқылы сипатталды.

Екі топ арасындағы сандық көрсеткіш бойынша салыстыру U–критерий Манна–Уитни әдісінің көмегімен жүргізілді.

Біз COVID-19 болуына байланысты «Ұйқы сапасы» көрсеткішіне талдау жасадық.

Көрсеткіш	Категориялар	Ұйқы сапасы			p
		Me	Q ₁ – Q ₃	n	
COVID-19 болуы	COVID-19 ауырмағандар	4	3 – 7	54	0,018*
	COVID-19 ауырғандар	5	4 – 9	54	

*көрсеткіштердегі айырмашылықтар статистикалық маңызды ($p<0,05$)

10 кесте – COVID-19 болуына байланысты «Ұйқы сапасы» көрсеткішінің талдауы

COVID-19 болуына байланысты «Ұйқы сапасы» көрсеткішін салыстыру нәтижесінде статистикалық айырмашылықтар анықталды ($p = 0,018$) (қолданылған әдіс: U–критерий Манна–Уитни).

4. МСАК-та артериялық гипертензиясы бар науқастармен жұмыс жасайтын мейіргерлер үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

COVID-19 пайда болуы медицина мамандарына науқастарға жылдам диагностикалау және медициналық көмек көрсету қиындықтарын тудырды. Қазіргі уақытта аурудың клиникалық-эпидемиологиялық ерекшеліктерін қарқынды зерттеу, оның алдын алу мен емдеудің жаңа құралдарын жасау жалғасуда. Пандемия уақытында коронавируc инфекциясы жылдам мутацияланып, әр түрлі штаммдары тез таралып, елдерде пандемияның әр түрлі деңгейлері орнатылып отырды. Ал қосымша созылмалы аурулары бар науқастар, қарт кісілер, үздіксіз медициналық күтімді қажет ететін осал топтар аса назарда болды.

Бүкіл әлемде, сондай-ақ біздің елімізде де созылмалы СЖЕА-мен сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің кең таралуына байланысты медициналық білімді насихаттау, халықты ақпаратпен қамтамасыз ету және пациенттердің өзін салауатты өмір салтын қалыптастыру іс-шараларына белсенді қатысуға тартуда мейіргерлердің маңызы зор.

Артериялық гипертензия – асқынулардың дамуын болдырмау немесе баяулату үшін үздіксіз және ұзақ мерзімді күтімді қажет ететін созылмалы ауру. Бұл топтағы науқастар МСАК-қа жиі жүгінетіндіктен, мейіргер коронавируc инфекциясын жұқтыру қаупін азайту үшін науқасқа өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі бақылауды үйретуі керек. Артериялық гипертензиясы бар науқастармен жұмыс жасау барысында ең маңызды аспектердің бірі стресстік жағдайлардан алыс болып, қан қысымын дұрыс бақылауды үйрету. Егер де қан қысымын тұрақты бір деңгейде ұстай алуды, саламатты өмір салтын ұстануды үйретіп, профилактикалық шаралары уақытылы жүргізіліп, емдік процедураларының маңызын науқасқа дұрыс түсіндіріп, ынталандырып, науқасты өзінің еміне жауапкершілік арттыра алса басқа да ауыр жүрек-қантамыр ауруларының тіпті өлімнің алдын алып, науқастың өмір сапасы жақсарары анық. Осы мақсатта қазақ тілінде «Covid-19 инфекциясын жұқтырған, артериялық гипертензиясы бар науқастарды емдеу бойынша мейіргерлерге арналған ұсынымдар» әзірленді.

Әдістемелік ұсыным талаптарға сай жазылып, соңғы 5 жылдықта жарық көрген дәлелденген деректер негізде, сонымен қатар шетелдік клиникалық әдістемелік ұсынымдар негізінде жазылды. Әдістемелік ұсынымдар кіріспеден, негізгі бөлімінен және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде артериялық гипертензия мен COVID-19 инфекциясы жайлы ақпараттар, негізгі бөлімінде инфекция жұқтыруға бейім, осал тобы болып табылатын артериялық гипертензиясы бар науқастарға үй жағдайында және амбулаториялық жағдайда қан қысымын бақылау, коронавируc инфекциясын жұқтырып, жазылғаннан кейін физикалық, ментальды оңалту шаралары, науқаспен жұмыс жасау барысында коммуникациялық дағдылар, өмір салтын модификациялау шаралары, пандемияның салдары болып табылатын стресс, алаңдаушылық, мазасыздық сезімдерімен күрес және басқару әдістері, ұйқы сапасының төмендеуі кезінде мейіргерлік күтім және науқаспен сапалы жұмыс жасауына көмектесетін заманауи, өзекті ақпараттар, әдістемелік ұсынымдар көрсетілген.

Бұл әдістемелік ұсынымдардың жаңашылдығы:

- Қазақстанда алғаш рет коронавирус инфекциясын жұқтырған артериялық гипертензия бар науқастарға мейіргерлік күтім жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді.
- Науқастың өзін-өзі басқару шараларына аса назар аударылып, психологиялық, ментальды денсаулығын жақсартатын кеңестер ұсынылды.

Әдістемелік ұсынымнан мейіргер:

- COVID-19 инфекциясын жұқтырған артериялық гипертензиясы бар науқастарға жоспарлы күтім және оңалту шараларын;
- науқаспен дұрыс коммуникация құру арқылы, сенімді қарым-қатынас орнату;
- науқасқа ем жүргізу барысында дұрыс ынталандыру әрекеттері;
- артериялық гипертензиясы бар науқасқа өзін-өзі басқару шараларын үйрету;
- мейіргерлік диагноз қоюдың бес этапын қолдану арқылы, науқасқа күтім жоспарын құрастыру әдістерін меңгереді.

Мейіргерлер нұсқаулықтан пандемияның әсері жайла ақпарат алып, науқасқа күтім күтім көрсету ерекшеліктерін ұсынымдардан үйрену арқылы клиникалық шешім қабылдауға көмектеседі. Бұл әдістемелік ұсынымдар мейіргердің тәжірибесінде науқасқа күтім сапасын және тағайындалған емнің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді және болашақ мейіргер мамандарын дайындауда қосымша әдебиет көзі ретінде оқу процесінде қолдана алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

COVID-19 пандемиясының салдары бүгінгі күні беймәлім. Зерттеулер көрсеткендей, COVID-19 пандемиясы кезінде халықтың эмоционалдық денсаулығы мен ұйқы жағдайы, ауруға қатысты қорқыныш пен сенімсіздік, қайғы-қасірет сезімі, өмір сүру жағдайлары және әлеуметтік қашықтықты сақтау деген сияқты карантин шараларының әсерлеріне байланысты нашарлады. Бұл сезімдер мен шиеленістер, бұқаралық ақпарат құралындағы жалған, қорқынышты ақпараттар, медициналық көмектің тапшылығы әсіресе халықтың осал тобы созылмалы ауруы бар науқастардың алаңдаушылығын арттырып, ауруды жұқтыру қорқынышы және медициналық процедуралар мен күтімнің үздіксіздігіне күмән келтірді.

Созылмалы ауруы бар науқастар - бұл сау халықпен салыстырғанда, алаңдаушылық, ұйқы мәселелері қолайсыз жағдайлармен, әсіресе жаңа коронавирустық пандемияға байланысты кезінде күшейетін топ, ал артериялық гипертензия коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарда ең көп тараған созылмалы аурулардың бірі болды және артериялық гипертензияның болуы аурудың қарқынын арттырып, тіпті өлімге дейін жеткен жағдайлар мәліметтер бар.

Инфекция таралуының алдын алу мақсатында елімізде карантин жарияланды. Карантин талаптары бойынша Астана секілді үлкен қалаларда адамдар жиналатын орындардың барлығы жабылып, жұмыстар дистанционды форматқа көшті. Мұндай шаралар әрине науқастардың алаңдаушылықтарын арттырып, өмір сүру сапасына кері әсерін тигізері сөзсіз.

Біздің жасаған зерттеулеріміздің нәтижесі бойынша артериялық гипертензиясы бар науқастардың басым бөлігінде жеке мазасыздық деңгейі жоғары ($n=57$) орташа мәні 46-ны құрады, яғни зертеуге қатысушылар COVID-19 пандемиясын қауіп деп бағалағандары, ал ұйқы сапасы науқастардың көпшілігінде ($n=60$) нашар екендігі анықталды. Сонымен қатар коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастар тобында жұқтырмаған науқастар тобына қарағанда ұйқы сапасы нашар (пайыздық айырмашылық 22,3%) және жеке мазасыздық деңгейі бойынша да инфекцияны жұқтырған науқастардың басым бөлігінде жоғары деңгейі кездесті (пайыздық айырмашылық 16,7%), екі топта да төмен жеке мазасыздық деңгейі анықталмады. Осы тұрғыдан алғанда, COVID-19 эпидемия толқыны кезінде созылмалы науқастардың ұйқы күтіміне және науқастардың ментальды жағдайларына аса назар аудару керек.

Алынған нәтижелер бойынша коронавирус инфекциясын жұқтырған артериялық гипертензиясы бар науқастарды жүргізу бойынша мейіргерлердің күтім сапасын арттырып және жұмысын оңтайландыру мақсатында мейіргерлерге арналған әдістемелік ұсынымдар ұсынылуда. Әдістемелік

ұсынымдар жаңа, бүгінгі күнгі өзекті дәлелді ақпараттарды қамтитын, шетелдік әдістемелік ұсынымдар негізінде жазылған. Сонымен қатар қан қысымын қалай өлшеу, мейіргерлік диагноз қою және күтім, коронавирус инфекциясын жұқтырып, жазылғаннан кейін оңалту шараларын және артериялық гипертензиясы бар науқастардың күтімінде ең маңызды аспектілердің бірі өзін өзі басқару шараларын және күтім жүргізу барысында септігін тигізетін қажетті құралдарды қамтиды. Науқасқа бағытталып жазылған бұл ұсынымдар, мейіргерлік күтім кезінде, науқастың қажеттіліктерін ескере отырып, науқасқа күтім жоспарын құруды және олардың үлгілерімен таныса алады. Бұл әзірленген ұсынымдар тек пандемия уақытында емес, барлық стресстік жағдайларда немесе ұйқы сапасының нашарлауы кезінде қолдануға болатын ұсынымдар көрсетілген.

Қорытындылай келе COVID-19 пандемиясының салдары біршама уақытқа әсер етуі мүмкін. Денсаулық сақтау саласының бүгінгі күнгі мақсаты мүмкін болатын салдарларды барынша алдын алып, халықтың, әсересе COVID-19 инфекциясын жұқтырғаннан кейінгі өмірдің физикалық, психологиялық және әлеуметтік салдарын тиімді басқару болып табылады. Біздің алынған нәтижелер мен ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар болашақ зерттеулер мен жаңа деректер алуға өз септігін тигізеді.

ШЕШІМІ

Коронавирус инфекциясын жұқтырған артериялық гипертензиясы бар науқастардың өмір сапасын зерттеу нәтижесінде келесі шешімдерге қолжеткіздік:

1. Пандемия кезінде артериялық гипертензиясы бар науқастардың реактивті мазасыздық деңгейінің орташа мәні 36-ны құрады, яғни науқастардың басым бөлігінде (30,5%-ында жоғары, 43,5%-ында орташа, 25,9%-ында төмен) РМ деңгейі орташа болды. Коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастар тобында 48,1%-ында және жұқтырмаған науқастарда 38,9%-ында РМ орташа деңгейі анықталды. Сондай ақ екі топтың жауаптардың арасында статистикалық айырмашылықтар анықталмады, екі топта минимальды айырмашылықпен мәндерді көрсетті.
2. Жеке мазасыздық шкаласын зерттеу барысында науқастардың басым көпшілігінде жоғары мазасыздық деңгейі анықталды. Артериялық гипертензиясы бар n=57 науқаста жоғары мазасыздық деңгейі болды, ал орташа мәні 46-ны құрады, яғни бұл ЖМ деңгейінің жоғары екендігін COVID-19 инфекция жұқтырған науқастардың 61,1%-ы және инфекция жұқтырмаған науқастардың 44,4%-ы жоғарғы мазасыздық деңгейлерін көрсетті. Екі топтада төмен жеке мазасыздық деңгейі анықталмады.
3. COVID-19 пандемиясы кезінде науқастардың 56%-ында (n= 60) ұйқы сапасы нашар екені анықталды. Коронавирус инфекциясын жұқтырған науқас тобында инфекцияны жұқтырмаған науқастармен салыстырғанда ұйқы сапасы нашар респондттер саны көбірек екені анықталды n=12 (пайыздық айырмашылық 22,3%).
4. Әзірленген әдістемелік ұсынымдар COVID-19 инфекциясын жұқтырған, артериялық гипертензиясы бар науқастарды емдеу үшін МСАК деңгейіндегі мейіргерлерге арналған практикалық нұсқаулық, сондай-ақ, «Мейіргер ісі» мамандығының бакалавриат студенттері мен магистранттары үшін қосымша оқу әдебиеті ретінде қолдануға ұсынылады.

ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

1. Артериялық гипертензиясы бар науқастарды жүргізу барысында ментальды жағдайына аса назар аударып, қажетті күтім мен көмекті ұсыну;
2. Созылмалы аурулары бар науқастарға мейіргерлік күтімді жүргізу және тиімділігін бағалау кезінде науқастардың физикалық және психологиялық денсаулықтарының ерекшеліктерін ескере отырып, науқастың қажеттіліктеріне сай жоспар құрастырып, дұрыс ынталандыру шараларын ұйымдастырып науқасты өз денсаулығына деген жауапкершілігін арттыру;
3. Коронавирус инфекциясын жұқтырған артериялық гипертензиясы бар науқастарды жүргізу барысында «Covid-19 инфекциясын жұқтырған, артериялық гипертензиясы бар науқастарды емдеу бойынша мейіргерлерге арналған ұсынымдар» әзірленген әдістемелік ұсынымдарын қолдану.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДБИТТЕР ТІЗІМІ

1. World Health Organization , www.who.int. World Health Organization et al. COVID-19 weekly epidemiological update, 19 January 2023.
2. Zhou F. et al. Clinical course and risk factors for mortality of adult inpatients with COVID-19 in Wuhan, China: a retrospective cohort study //The lancet. – 2020. – Т. 395. – №. 10229. – С. 1054-1062.
3. Thornton J. Covid-19: how coronavirus will change the face of general practice forever //Bmj. – 2020. – Т. 368.
4. Peng M. et al. Role of Hypertension on the Severity of COVID-19: A Review //Journal of cardiovascular pharmacology. – 2021. – Т. 78. – №. 5. – С. e648.
5. Pourat N. et al. Assessing the impact of patient-centered medical home principles on hypertension outcomes among patients of HRSA-Funded Health Centers //American journal of hypertension. – 2019. – Т. 32. – №. 4. – С. 418-425.
6. Rodríguez-Rey R., Garrido-Hernansaiz H., Collado S. Psychological impact and associated factors during the initial stage of the coronavirus (COVID-19) pandemic among the general population in Spain //Frontiers in psychology. – 2020. – Т. 11. – С. 1540.
7. Vindegaard N., Benros M. E. COVID-19 pandemic and mental health consequences: Systematic review of the current evidence //Brain, behavior, and immunity. – 2020. – Т. 89. – С. 531-542.
8. Sher L. COVID-19, anxiety, sleep disturbances and suicide //Sleep medicine. – 2020. – Т. 70. – С. 124.
9. Huang Y., Zhao N. Generalized anxiety disorder, depressive symptoms and sleep quality during COVID-19 outbreak in China: a web-based cross-sectional survey //Psychiatry research. – 2020. – Т. 288. – С. 112954.
10. Jebril N. World Health Organization declared a pandemic public health menace: a systematic review of the coronavirus disease 2019 “COVID-19”, up to 26th March 2020.
11. Yesudhas D, Srivastava A, Gromiha MM. COVID-19 outbreak: history, mechanism, transmission, structural studies and therapeutics. Infection. 2021 Apr;49(2):199-213. doi: 10.1007/s15010-020-01516-2.
12. «Коронавирусная инфекция COVID-19 у взрослых» Клинический протокол МЗ РК №130 от «01» апреля 2021 года.
13. Parohan M, Yaghoubi S, Seraji A, Javanbakht MH, Sarraf P, Djalali M. Risk factors for mortality in patients with Coronavirus disease 2019 (COVID-19) infection: a systematic review and meta-analysis of observational studies. Aging Male. 2020 Dec;23(5):1416-1424. doi: 10.1080/13685538.2020.1774748.

14. Phelan AL, Katz R, Gostin LO. The Novel Coronavirus Originating in Wuhan, China: Challenges for Global Health Governance. *JAMA*. 2020 Feb 25;323(8):709-710. doi: 10.1001/jama.2020.1097.
15. Амангельдинова С. Е., Протасова О. В., Горковенко Л. А. Казахстан в новых жизненных реалиях в период пандемии коронавируса // *Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования*. – 2020. – №. 3 (45). – С. 13-19.
16. Оспанова Г. С. КАК ПАНДЕМИЯ ПОВЛИЯЛА НА КАЗАХСТАН.. // *Организаційний комітет конференції*. – С. 64.
17. Courtemanche C, Garuccio J, Le A, Pinkston J, Yelowitz A. Strong Social Distancing Measures In The United States Reduced The COVID-19 Growth Rate. *Health Affairs*. 2020;39(7). doi: 10.1377/hlthaff.2020.00608\
18. de Matos DG, Aidar FJ, Almeida-Neto PFd, Moreira OC, Souza RFd, Marçal AC, et al. The impact of measures recommended by the government to limit the spread of coronavirus (COVID-19) on physical activity levels, quality of life, and mental health of Brazilians. *Sustainability*. 2020;12(21):9072. 10.3390/su12219072
19. Nguyen HC, Nguyen MH, Do BN, Tran CQ, Nguyen TT, Pham KM, et al. People with suspected COVID-19 symptoms were more likely depressed and had lower health-related quality of life: The potential benefit of health literacy. *Journal of Clinical Medicine*. 2020;9(4):965. doi: 10.3390/jcm9040965
20. Poudel AN, Zhu S, Cooper N, Roderick P, Alwan N, Tarrant C, Ziauddeen N, Yao GL. Impact of Covid-19 on health-related quality of life of patients: A structured review. *PLoS One*. 2021 Oct 28;16(10):e0259164. doi: 10.1371/journal.pone.0259164.
21. Нагашыбек Г.С., Жунусова Д. К., Дербисалина Г. А. ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ЖИЗНИ ПАЦИЕНТОВ С АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИЕЙ В ПЕРИОД РАСПРОСТРАНЕНИЯ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИИ (ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ) // *Биология и интегративная медицина*. – 2021. – №. 6 (53). – С. 222-226
22. Kang C, Yang S, Yuan J, et al. Patients with chronic illness urgently need integrated physical and psychological care during the COVID-19 outbreak. *Asian J Psychiatry J* 2020. <https://doi.org/10.1016/j.ajp.2020.102081>.
23. Lima M. G. et al. Effect of chronic non-communicable diseases (CNCDs) on the sleep of Brazilians during the COVID-19 pandemic // *Sleep Medicine*. – 2022. – Т. 91. – С. 205-210.
24. Forte G, Favieri F, Tambelli R, et al. COVID-19 pandemic in the Italian population: validation of a post-traumatic stress disorder questionnaire and prevalence of PTSD symptomatology. *Int J Environ Res Publ Health* 2020;17: 4151. <https://doi:10.3390/ijerph17114151>.

25. Mahamat-Saleh Y, Fiolet T, Rebeaud ME, Mulot M, Guihur A, El Fatouhi D, Laouali N, Peiffer-Smadja N, Aune D, Severi G. Diabetes, hypertension, body mass index, smoking and COVID-19-related mortality: a systematic review and meta-analysis of observational studies. *BMJ Open*. 2021 Oct 25;11(10):e052777. doi: 10.1136/bmjopen-2021-052777.
26. Williams B. et al. 2018 ESC/ESH Guidelines for the management of arterial hypertension: The Task Force for the management of arterial hypertension of the European Society of Cardiology (ESC) and the European Society of Hypertension (ESH) // *European heart journal*. – 2018. – Т. 39. – №. 33. – С. 3021-3104.
27. Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2018 году: Стат. жинақ.-Нұр-Сұлтан, 2019.-324б.-қазақша, орысша.
28. Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2020 году: Стат. жинақ.-Нұр-Сұлтан. 2020.-324б.-қазақша. Орысша
29. Chan VT, Rauscher C, Issina AM, Kozhageldiyeva LH, Kuzembaeva DD, Davis CL, Kravchenko H, Hindmarsh M, McGowan J, Kulkaeva G. A programme to improve quality of care for patients with chronic diseases, Kazakhstan. *Bull World Health Organ*. 2020 Mar 1;98(3):161-169. doi: 10.2471/BLT.18.227447.
30. Муханова Г. Т. и др. Новый взгляд на роль поведенческих факторов риска в развитии хронических неинфекционных заболеваний на примере артериальной гипертензии // *Journal of Health Development*. – 2020. – №. 3 (38). – С. 10-16.
31. Одобрен Объединенной комиссией по качеству медицинских услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан от «3» октября 2019 года Протокол №74 Артериальная гипертензия
32. Muhamad SA, Ugunman A, Kumar J, Skiba D, Hamid AA, Aminuddin A. COVID-19 and Hypertension: The What, the Why, and the How. *Front Physiol*. 2021 May 3;12:665064. doi: 10.3389/fphys.2021.665064.
33. Perez A, Naljayan M, Shuja I, Florea A, Reisin E. Hypertension, Obesity, and COVID-19: a Collision of Pandemics. *Curr Hypertens Rep*. 2021 Jun 29;23(6):36. doi: 10.1007/s11906-021-01153-6.
34. Ssentongo P, Ssentongo AE, Heilbrunn ES, et al.. Association of cardiovascular disease and 10 other pre-existing comorbidities with COVID-19 mortality: a systematic review and meta-analysis. *PLoS One* 2020;15:e0238215. 10.1371/journal.pone.0238215
35. Luo L, Fu M, Li Y, et al.. The potential association between common comorbidities and severity and mortality of coronavirus disease 2019: a pooled analysis. *Clin Cardiol* 2020;43:1478–93. 10.1002/clc.23465

36. Du Y, Lv Y, Zha W, et al.. Association of body mass index (BMI) with critical COVID-19 and in-hospital mortality: a dose-response meta-analysis. *Metabolism* 2021;117:154373. 10.1016/j.metabol.2020.154373
37. Li J, Wang X, Chen J, et al.. Association of renin-angiotensin system inhibitors with severity or risk of death in patients with hypertension hospitalized for coronavirus disease 2019 (COVID-19) infection in Wuhan, China. *JAMA Cardiol.* 2020;5:825–830.
38. Zuin M. et al. Arterial hypertension and risk of death in patients with COVID-19 infection: systematic review and meta-analysis // *Journal of Infection.* – 2020. – T. 81. – №. 1. – C. e84-e86.
39. Yang J, Zheng Y, Gou X, Pu K, Chen Z, Guo Q, Ji R, Wang H, Wang Y, Zhou Y. Prevalence of comorbidities and its effects in patients infected with SARS-CoV-2: a systematic review and meta-analysis. *Int J Infect Dis.* 2020 May;94:91-95. doi: 10.1016/j.ijid.2020.03.017.
40. Huang C, Wang Y, Li X, Ren L, Zhao J, Hu Y, Zhang L, Fan G, Xu J, Gu X, Cheng Z, Yu T, Xia J, Wei Y, Wu W, Xie X, Yin W, Li H, Liu M, Xiao Y, Gao H, Guo L, Xie J, Wang G, Jiang R, Gao Z, Jin Q, Wang J, Cao B. Clinical features of patients infected with 2019 novel coronavirus in Wuhan, China. *Lancet.* 2020 Feb 15;395(10223):497-506. doi: 10.1016/S0140-6736(20)30183-5
41. Goyal P, Choi JJ, Pinheiro LC, Schenck EJ, Chen R, Jabri A, Satlin MJ, Campion TR Jr, Nahid M, Ringel JB, Hoffman KL, Alshak MN, Li HA, Wehmeyer GT, Rajan M, Reshetnyak E, Hupert N, Horn EM, Martinez FJ, Gulick RM, Safford MM. Clinical Characteristics of Covid-19 in New York City. *N Engl J Med.* 2020 Jun 11;382(24):2372-2374. doi: 10.1056/NEJMc2010419.
42. Richardson S, Hirsch JS, Narasimhan M, Crawford JM, McGinn T, Davidson KW; the Northwell COVID-19 Research Consortium; Barnaby DP, Becker LB, Chelico JD, Cohen SL, Cookingham J, Coppa K, Diefenbach MA, Dominello AJ, Duer-Hefe J, Falzon L, Gitlin J, Hajizadeh N, Harvin TG, Hirschwerk DA, Kim EJ, Kozel ZM, Marrast LM, Mogavero JN, Osorio GA, Qiu M, Zanos TP. Presenting Characteristics, Comorbidities, and Outcomes Among 5700 Patients Hospitalized With COVID-19 in the New York City Area. *JAMA.* 2020 May 26;323(20):2052-2059. doi: 10.1001/jama.2020.6775.
43. Yoshida Y, Gillet SA, Brown MI, Zu Y, Wilson SM, Ahmed SJ, Tirumalasetty S, Lovre D, Krousel-Wood M, Denson JL, Mauvais-Jarvis F. Clinical characteristics and outcomes in women and men hospitalized for coronavirus disease 2019 in New Orleans. *Biol Sex Differ.* 2021 Feb 5;12(1):20. doi: 10.1186/s13293-021-00359-2.
44. Emami A, Javanmardi F, Pirbonyeh N, Akbari A. Prevalence of Underlying Diseases in Hospitalized Patients with COVID-19: a Systematic Review and Meta-Analysis. *Arch Acad Emerg Med.* 2020;8(1):e35.44.

45. Wang B, Li R, Lu Z, Huang Y. Does comorbidity increase the risk of patients with COVID-19: evidence from meta-analysis. *Aging*. 2020;12(7):6049–6057
46. Scott AJ, Webb TL, Martyn-St James M, Rowse G, Weich S. Improving sleep quality leads to better mental health: A meta-analysis of randomised controlled trials. *Sleep Med Rev*. 2021 Dec;60:101556. doi: 10.1016/j.smrv.2021.101556.
47. Deng J, Zhou F, Hou W, Silver Z, Wong CY, Chang O, Huang E, Zuo QK. The prevalence of depression, anxiety, and sleep disturbances in COVID-19 patients: a meta-analysis. *Ann N Y Acad Sci*. 2021 Feb;1486(1):90-111. doi: 10.1111/nyas.14506.
48. Duffy B. Life under lockdown: Coronavirus in the UK. Kings College London: The Policy Institute; 2020.
49. Anwer S, Li H, Antwi-Afari MF, Shaphe MA, Alghadir A, Wong AYL. Evaluation of sleep habits, generalized anxiety, perceived stress, and research outputs among postgraduate research students in Hong Kong during the coronavirus (COVID-19) pandemic. *J Multidiscip Health*. 2021;14:3135–49. doi: 10.2147/JMDH.S325479.
50. Brooks S. K. et al. The psychological impact of quarantine and how to reduce it: rapid review of the evidence //The lancet. – 2020. – T. 395. – №. 10227. – C. 912-920.
51. Hossain M. M., Sultana A., Purohit N. Mental health outcomes of quarantine and isolation for infection prevention: a systematic umbrella review of the global evidence //Epidemiology and health. – 2020. – T. 42.
52. Gammon J, Hunt J, Musselwhite C. The stigmatisation of source isolation: a literature review. *J Res Nurs*. 2019;24:677–693.
53. Sharma A, Pillai DR, Lu M, Doolan C, Leal J, Kim J, et al. Impact of isolation precautions on quality of life: a meta-analysis. *J Hosp Infect*. 2020;105:35–42.
54. Han X, Liu X, Zhong F, Wang Y, Zhang Q. Comparison of efficacy and safety of complementary and alternative therapies for essential hypertension with anxiety or depression disorder. *PLoS One*. 2021 Jul 16;16(7):e0254699. doi: 10.1371/journal.pone.0254699.
55. World Health Organization et al. Support for rehabilitation: self-management after COVID-19-related illness. – World Health Organization. Regional Office for Europe, 2021. – №. WHO/EURO: 2021-855-40590-59892.
56. Taylor S. et al. COVID stress syndrome: Concept, structure, and correlates //Depression and anxiety. – 2020. – T. 37. – №. 8. – C. 706-714.
57. Zhang S, Zhong Y, Wang L, Yin X, Li Y, Liu Y, et al. Anxiety, home blood pressure monitoring, and cardiovascular events among older hypertension patients during COVID-19 pandemic. *Hypertens Res*. 2022 10.1038/s41440-022-00852-0
58. Guan WJ, Ni ZY, Hu Y, Liang WH, Ou CQ, He JX, et al. Clinical characteristics of coronavirus disease 2019 in China. *N Engl J Med*. 2020;382:1708–20. doi: 10.1056/NEJMoa2002032.

59. Chen Y, Klein SL, Garibaldi BT, Li H, Wu C, Osevala NM, et al. Aging in COVID-19: vulnerability, immunity and intervention. *Ageing Res Rev.* 2021;65:101205. doi: 10.1016/j.arr.2020.101205.
60. Wang C, Pan R, Wan X. Immediate psychological responses and associated factors during the initial stage of the 2019 coronavirus disease (covid-19) epidemic among the general population in China. *Int J Environ Res Public Health.* 2020;17:1729. doi: 10.3390/ijerph17051729.
61. Rozanski A, Blumenthal JA, Davidson KW, Saab PG, Kubzansky L. The epidemiology, pathophysiology, and management of psychosocial risk factors in cardiac practice: the emerging field of behavioral cardiology. *J Am Coll Cardiol.* 2005;45:637–51. doi: 10.1016/j.jacc.2004.12.005.
62. Cohen BE, Edmondson D, Kronish IM. State of the art review: depression, stress, anxiety, and cardiovascular disease. *Am J Hypertens.* 2015;28:1295–302. doi: 10.1093/ajh/hpv047.
63. Li C, Shang S. Relationship between Sleep and Hypertension: Findings from the NHANES (2007-2014). *Int J Environ Res Public Health.* 2021 Jul 25;18(15):7867. doi: 10.3390/ijerph18157867.
64. Gorgoni M, Scarpelli S, Mangiaruga A, Alfonsi V, Bonsignore MR, Fanfulla F, Ferini-Strambi L, Nobili L, Plazzi G, De Gennaro L; Board of the Italian Association of Sleep Medicine (AIMS). Pre-sleep arousal and sleep quality during the COVID-19 lockdown in Italy. *Sleep Med.* 2021 Dec;88:46-57. doi: 10.1016/j.sleep.2021.10.006.
65. Sejbuk M, Mirończuk-Chodakowska I, Witkowska AM. Sleep Quality: A Narrative Review on Nutrition, Stimulants, and Physical Activity as Important Factors. *Nutrients.* 2022 May 2;14(9):1912. doi: 10.3390/nu14091912.
66. Chen Y, Zhao A, Xia Y, et al. In the big picture of COVID-19 pandemic: what can sleep do. *Sleep Med* 2020;72:109e10. <https://doi.org/10.1016/j.sleep.2020.06.009>.
67. Lo K, Woo B, Wong M, Tam W. Subjective sleep quality, blood pressure, and hypertension: a meta-analysis. *J Clin Hypertens (Greenwich).* 2018 Mar;20(3):592-605. doi: 10.1111/jch.13220.
68. Kwok CS, Kontopantelis E, Kuligowski G, Gray M, Muhyaldeen A, Gale CP, Peat GM, Cleator J, Chew-Graham C, Loke YK, Mamas MA. Self-Reported Sleep Duration and Quality and Cardiovascular Disease and Mortality: A Dose-Response Meta-Analysis. *J Am Heart Assoc.* 2018 Aug 7;7(15):e008552. doi: 10.1161/JAHA.118.008552.
69. Jahrami HA, Alhaj OA, Humood AM, Alenezi AF, Fekih-Romdhane F, AlRasheed MM, Saif ZQ, Bragazzi NL, Pandi-Perumal SR, BaHammam AS, Vitiello MV. Sleep disturbances during the COVID-19 pandemic: A systematic review, meta-analysis, and meta-regression. *Sleep Med Rev.* 2022 Apr;62:101591. doi: 10.1016/j.smrv.2022.101591.

70. Al-Ameri LT, Hameed EK, Maroof BS. Sleep quality in COVID-19 recovered patients. *Sleep Sci.* 2022 Apr-Jun;15(2):168-171. doi: 10.5935/1984-0063.20220037
71. Partinen M. et al. Sleep and daytime problems during the COVID-19 pandemic and effects of coronavirus infection, confinement and financial suffering: a multinational survey using a harmonised questionnaire // *BMJ open.* – 2021. – T. 11. – №. 12. – C. e050672
72. Kocevaska D, Blanken TF, Van Someren EJW, Rösler L. Sleep quality during the COVID-19 pandemic: not one size fits all. *Sleep Med.* 2020 Dec;76:86-88. doi: 10.1016/j.sleep.2020.09.029.
73. Busca E, Savatteri A, Calafato TL, Mazzoleni B, Barisone M, Dal Molin A. Barriers and facilitators to the implementation of nurse's role in primary care settings: an integrative review. *BMC Nurs.* 2021 Sep 16;20(1):171. doi: 10.1186/s12912-021-00696-y.
74. Mamais F, Jasdhaul M, Gawlinski A, Lawanson-Nichols M, Kao Y, Branom R, Ansryan LZ. The Agile Clinical Nurse Specialist: Navigating the Challenges of the COVID-19 Pandemic. *Clin Nurse Spec.* 2022 Jul-Aug 01;36(4):190-195. doi: 10.1097/NUR.0000000000000682A. Trakada, P.T. Nikolaidis, M.D.S. Andrade, et al. Sleep during "lockdown" in the COVID-19 pandemic. *Int J Environ Res Publ Health*, 17 (23) (2020), p. 9094.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2022 жылғы «12» желтоқсан № 31007

